

"Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы  
Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы N 1126 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы  
Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына  
енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

**Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау туралы**

Осы Заң отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдардың қызметін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін белгілейді, адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен мұдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

**1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұйымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұйымдар пайдаланылады:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау - мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдар адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен мұдделерін, тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу мен жолын кесу, сондай-ақ оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызмет;

2) тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында бір субъектінің басқаларға қатысты әдейі және/немесе психикалық азап әкелетін немесе әкелу қаупі бар қасақана іс-әрекеті. Тұрмыстық зорлық-зомбылық денеге, психологиялық және нәпсікүмарлық ықпал ету нысанында болуы мүмкін;

3) отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар - неке-отбасылық қатынастар; некесіз, бірақ бірге тұратын адамдар арасындағы қатынастар; бірге тұрмайтын бұрынғы жұбайлар; жақын туыс адамдардың арасындағы қатынастар шеңбері;

4) көмек көрсету ұйымдары - өтеусіз негізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге және олардың отбасы мүшелеріне мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, консультативті психологиялық және заңгерлік көмек көрсетуге, уақытша

тұрақ ұсынуға, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға психокоррекциялық бағдарлама жүргізуге бағытталған коммерциялық емес ұйымдар;

5) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға жол бермеу туралы ресми ескерту - зияны елеусіз болып қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа әкелмейтін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға берілетін профилактикалық сипаты бар белгіленген нысандары ресми құжат.

## **2-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы**

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңдан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау туралы заңнаманың принциптері**

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мынадай принциптерге:

1) заңдылыққа;

2) адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігін сақтауға;

3) адам мен азаматтың тәніне және/немесе психикасына азап әкелуге жол бермеуге;

4) отбасын қолдау және сақтауға;

5) тұрмыстық зорлық зомбылықтан зардал шеккендерге көмек көрсету кезінде құпиялықты сақтауға;

6) өмірде қыын жағдайға душар болған адамдармен жеке жұмыс жүргізуғе негізделеді.

## **4-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасауды жүзеге астыратын субъектілер**

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүзеге астыратын субъектілер:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) жергілікті атқарушы органдар;

3) отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссия;

4) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар;

5) ішкі істер органдары;

6) қамқоршылық және қорғаншылық органдары;

7) білім беру органдары;

8) көмек көрсету үйымдары.

**2-тaraу. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасауды жүзеге асыратын субъектілердің функциялары және өкілеттіктері**

**5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыreti  
Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

1) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған қарсы курес саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарды және оны жүзеге асыру жөніндегі шарапады әзірлейді.

2) тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрады.

**6-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыreti**

Жергілікті атқарушы органдар өз құзыreti шегінде:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі өнірлік бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

2) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

3) тиісті аумактарда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және бекітеді;

4) тиісті аумактарға тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау жұмысының тиімділігін қамтамасыз етуге қажетті жағдайлар жасайды;

5) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуды қамтамасыз етеді;

6) өнірлік Отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі және Кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі атқарған жұмыстар туралы есепті жыл сайын ұсынады.

**7-бап. Отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссиялар және Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялары**

1. Отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссиялар:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасасады;

2) жергілікті атқарушы органдарға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді;

3) көмек көрсету ұйымдарымен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерді оналту жөнінде іс-шаралар ұйымдастырады және өткізді.

2. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар:

1) кәмелетке толмағандар арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесі жөнінде мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасасады;

2) кәмелетке толмағандар арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі өнірлік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

3) жергілікті атқарушы органдарға кәмелетке толмағандардың арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді;

4) көмек көрсете ұйымдарымен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелетке толмағандарды оналту жөнінде іс-шаралар ұйымдастырады және өткізеді.

#### **8-бап. Ішкі істер органдарының құзыреті**

Ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарды анықтайды, олардың есебін жүргізеді және олармен профилактикалық жұмыс жүргізеді;

2) балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындашыттын немесе тиісінше орындашыттын, оларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттер жасайтын ата-аналарға немесе олардың орнындағы адамдарды анықтайды және заңнамада белгіленген тиісті шараларды қолданады;

3) белгіленген тәртіппен азаматтардың және ұйымдардың тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы арыздары мен шағымдарын қарайды;

4) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шаралар жүргізеді;

5) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу жөнінде тиісті шаралар қабылдайды;

6) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарды көмек көрсете ұйымдарана жібереді;

7) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарды профилактикалық бақылау туралы сот шешімін қамтамасыз етеді;

8) ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша арнайы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

9) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеуге қатысады, олардың орындалуын жүзеге асырады.

#### **9-бап. Қамқоршылық және қорғаншылық органдарының құзыреті**

Қамқоршылық және қорғаншылық органдары заңнамалармен белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізуге қатысады.

### **10-бап. Білім беру органдарының құзыреті**

Білім беру органдары өз құзыреті шегінде:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелетке толмағандарды анықтайды, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық жұмыс жүргізеді;

2) дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-педагогикалық кеңестерді атқарады, олардың кешенді тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелуе нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) девиантты мінез-құлқыты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізуге қатысады;

4) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оның жолын кесу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеуге қатысады;

5) балалар мен жастар үшін зорлық-зомбылықты емес мінез-құлқы оку бағдарламаларын әзірлейді.

### **11-бап. Көмек көрсету ұйымдары**

Көмек көрсету ұйымдары:

1) ішкі істер органдарының ұсынысы бойынша, сондай-ақ қажет болған жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарды және олардың отбасын қабылдауды дербес жүзеге асыруы;

2) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға консультативті психологиялық және заң көмектерін өтеусіз беруді жүзеге асыруы, қажет болған жағдайда оларды әрі қарай оналту үшін медициналық мекемелерге жіберуі;

3) зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге және олардың отбасы мүшелеріне өздерінің қызметін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерінің негізінде өтеусіз уақытша тұрақ ұсынуы;

4) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға өтеусіз психокоррекциялық бағдарламаларды жүргізуі;

5) ішкі істер органдарын тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе олардың жасалу қаупінің фактілері туралы ақпараттандыруы;

6) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және ескерту мәселелері бойынша ақпараттық-ағарту және тәрбие қызметін жүзеге асыруы;

7) жеке және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыруы мүмкін.

**3-тарау. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйымдастыру**

**12-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға жол бермеу туралы ресми ескерту**

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға, егер ол келтірген зардап елеусіз болған жағдайда, ішкі істер органдарымен тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға жол бермеу туралы ресми ескерту шығарылады, бұл туралы ол адамға қолы қойғызыла отырып, хабарланаады.

Ресми ескертудің әрекет ету мерзімі бір айдан алты айға дейін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға жол бермеу туралы ресми ескерту оны шығарған күні жасы 16-ға толған, ақыл-есі дұрыс адамға беріледі.

**13-бап. Профилактикалық бақылау**

Профилактикалық бақылау сот қаулысының негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында осы Занда көзделген шектеулер белгіленіп, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына бақылау қою түріндегі мәжбүрлеу шарасы ретінде ішкі істер органдары жүзеге асады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға профилактикалық бақылау мен оларды есепке алу ішкі істер органдарымен белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

**14-бап. Профилактикалық бақылау орнатылатын адамдар**

**Профилактикалық бақылау:**

1) тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жататын әкімшілік құқық бұзушылық немесе тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыс жасаған;

2) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға жол бермеу туралы ресми ескертулері болып, қайталап тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға орнатылады.

**15-бап. Профилактикалық бақылау орнатудың негіздемесі**

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдардың үстінен профилактикалық қадағалау орнатуға:

1) осы Заңның 14-бабының 1)-тармақшасында көрсетілген адамдарға қатысты заң күшіне енген сот қаулысы мен үкімі;

2) осы Заңның 14-бабының 2)-тармақшасында көрсетілген адамдарға қатысты ішкі істер органдарының материалдары негіздеме болып табылады.

2. Осы баптың 1-бөлігінің 1)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша профилактикалық бақылау орнату үшін тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамның өтініші және қылмыс жасаған адамға қоғамнан оқшаулауға байланыссыз жаза тағайындалған болуы қажет.

**16-бап. Профилактикалық бақылауды орнатудың тәртібі**

Профилактикалық бақылауды ішкі істер органының ұсынысы бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның тұрғылықты немесе тұрмыстық зорлық-зомбылық

жасаған жері бойынша аудандық (қалалық) соттың судьясы сот отырысында жеке өзі белгіледі.

Ұсыныспен бірге сотқа үкім мен әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың көшірмесі, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға жол бермеу туралы ресми ескертү қаулысы және тиісті адамға профилактикалық бақылау орнату қажеттігін дәлелдейтін басқа да материалдар жіберіледі.

Адамға профилактикалық бақылау орнату туралы материалды қарау Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Адамға профилактикалық бақылау орнату туралы судьяның қаулысы профилактикалық бақылау орнатылған адамның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына орындау үшін жіберіледі.

### **17-бап. Профилактикалық бақылаудың қолданылу мерзімі**

Профилактикалық бақылау үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Профилактикалық бақылау орнатылған адам оған сот жарияланған шектеулерді бұзған, сондай-ақ ол тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған жағдайда ішкі істер органдарының дәлелді ұсынысы бойынша судьяның қаулысымен профилактикалық бақылау мерзімі әр жолы үш айға ұзартылады, бірақ он сегіз айдан аспайды.

Қаулы мерзімі оны шығарылған кезден бастап есептелінеді.

### **18-бап. Профилактикалық бақылау орнатылған адамдарға қатысты қолданылатын шектеулер**

1. Профилактикалық бақылау орнатылатын адамдарға қатысты өмір салтына, отбасындағы және тұрғылықты жеріндегі мінез-құлқына, бақылауға алынған адамның жеке басын сипаттайтын басқа да жағдайларға байланысты мынадай шектеулер толық көлемінде немесе жеке-жеке қолданылуы мүмкін:

#### **1 ) м ы на л а р ғ а :**

тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамды іздеуге, ізіне тұсуге, сондай-ақ олардың еркіне қарамастан олармен қарым-қатынас жасауға;

тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккенге және оның отбасы мүшелері жеке тұрған жағдайда оларға баруға;

тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адаммен телефон арқылы байланысуға;

профилактикалық бақылаудың әрекет ету кезеңінде атыс қаруын және басқа да қару түрлерін сатып алуға және пайдалануға тыйым салынады.

2) профилактикалық әңгіме өткізу үшін ішкі істер органына айна бір реттен төрт ретке дейін міндетті түрде келеді.

2. Сот көмек көрсету ұйымдары жүргізілетін психокоррекциялық бағдарламаларға бару міндеттерін белгілеуі мүмкін.

3. Судья профилактикалық бақылау орнатылған адамға қатысты шектеулер өмір салтын және мінез-құлқын ескере отырып, ішкі істер органының ұсынысы бойынша, бірақ осы бапта көзделген шектеулер шегінде қысқартуы немесе толықтыруы мүмкін.

**19-бап. Профилактикалық бақылауды орнату, ұзарту немесе шектеулерді өзгерту туралы қаулыны жариялау**

Профилактикалық бақылау орнату не мерзімін ұзарту туралы немесе шектеулерді өзгерту туралы судьяның қаулысын, аудандық (қалалық) ішкі істер органының бастығына қол қойғыза отырып қаулы шығарылған адамға хабарлайды. Бұл жағдайда қаулы шығарылған адамға оның құқықтары және міндеттері, профилактикалық бақылау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі түсіндіріледі.

**20-бап. Профилактикалық бақылауды тоқтату негіздемесі**

Профилактикалық бақылау:

1) егер профилактикалық бақылау орнатылған мерзімді ұзарту үшін негіздеме болмаса, сол мерзім откен соң;

2) егер профилактикалық бақылау орнатылған адамның түзелу жолына бүтіндей бет бұрғаны анықталса, тұрғылықты жері немесе еңбек қызметі жақсы мінездеме берілсе, мерзімінен бұрын;

3) мамандандырылған емдеу-сауықтыру мекемесіне мәжбүрлеп емдеуге жіберілуіне байланысты;

4) бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты;

6) кайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

**21-бап. Профилактикалық бақылауды тоқтату тәртібі**

Осы заңын 20-бабының 1), 3) - 6)-тармақшаларында көзделген жағдайда профилактикалық бақылауды жүзеге асыратын ішкі істер органының қызметкері профилактикалық бақылауды тоқтату туралы қаулы шығарып, оны аудандық, аудандық (қаладағы), қалалық ішкі істер бөлімінің (басқармасының) бастығы бекітеді.

Осы заңын 20-бабының 2)-тармақшасында көзделген жағдайда ішкі істер органдарымен профилактикалық бақылауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы сотқа дәлелді үсініс жібереді.

Судьяның немесе ішкі істер органының профилактикалық бақылауды тоқтату туралы қаулысы профилактикалық бақылау орнатылған адамға қолын қойғыза отырып, жарияланады.

**22-бап. Профилактикалық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері**

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлері профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде:

1) бақылауға алынған адамдардың тұратын жері бойынша мінез-құлқын жүйелі түрде қадағалауға;

2) отбасы-тұрмыстық қатынастарының саласында құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін

к о р ғ а у ;

3) профилактикалық бақылаудың шектелуін бұзу туралы белгіленген тәртіппен хаттамалар жасауға және оларды қарau үшін сотқа жіберуге міндettі.

2. Профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдары қызыметкерлерінің:

1) профилактикалық бақылау орнатылған адамның мінез-құлқы туралы жеке және заңды тұлғалардан мәліметтер сұратуға және алуға;

2) профилактикалық бақылау орнатылған адамды ішкі істер органына әңгімелесуге шақыруға;

3) профилактикалық бақылау орнатылған адамнан профилактикалық бақылауды орындауға байланысты мәселелер бойынша белгіленген шектеулерді және сәйкесінше мінез-құлқын сақтауды, сондай-ақ ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге;

4) профилактикалық бақылау орнатылған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын қадағалау мақсатында профилактикалық әңгіме өткізуғе, сағат 06.00-дан 23.00-ға дейінгі уақытта үйіне баруға құқығы бар.

**4-тaraу. Профилактикалық бақылаудағы адамдардың міндettтері мен құқықтары және профилактикалық бақылау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі**

### **23-бап. Профилактикалық бақылау орнатылған адамдардың құқықтары мен міндettтері**

1. Профилактикалық бақылау орнатылған адамның:

1) өзіне қатысты профилактикалық бақылау орнатылғаны туралы іс мәтериалдары мен танысуга;

2) профилактикалық бақылауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беруге;

3) заңмен белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарының, соттың және басқа да мемлекеттік органдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағым беруге құқығы бар.

2. Профилактикалық бақылау орнатылған адамдар:

1) өзіне қатысты белгіленген, осы Заңның 18-бабында көзделген шектеулерді сақтауға;

2) шақыру бойынша ішкі істер органдарына көрсетілген мерзімде келуге, профилактикалық бақылау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;

3) профилактикалық бақылауды жүзеге асыруши ішкі істер органының қызметкерлерін тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабардар етуге міндettі.

### **24-бап. Профилактикалық бақылауды бұзғаны үшін жауапкершілігі**

Профилактикалық бақылаудағы адам бақылау ережелерін немесе өзіне қатысты белгіленген шектеулерді бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

#### **5-тарау. Заңдылықты қадағалау**

##### **25-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау кезінде заңдылықтың қамтамасыз етілуін қадағалау**

Заңдылықтың қамтамасыз етілуін қадағалау Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты прокурорлар жүзеге асырады.

##### **26-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардал шеккен адамдарға көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде құпиялықты сақтау**

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасауды жүзеге асыратын субъектілер тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардал шеккен адамның қызметтік міндеттерін орындауға байланысты оларға мәлім болған жеке және отбасылық өмірі туралы құпия мәліметтерді жариялауға құқығы жоқ.

Өзінің қызмет бабына сәйкес белгілі болған тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі, құпия ақпараттарды жария еткен лауазымды адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

##### **27-бап. Профилактикалық бақылаудың күшін жою немесе оны өзгерту**

Судьяның профилактикалық бақылауды орнату туралы, сондай-ақ орнатудан бас тарту туралы қаулысын жоғары тұрған сот Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен прокурордың наразылығы немесе осы іске мүдделі адамдардың шағымы бойынша күшін жоюы немесе өзгертуі мүмкін.

##### **28-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күн түзбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*